



ШЕШІМ

07.03.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 154/19-VIII

город Астана

**Астана қаласы бойынша
Тексеру комиссиясының төрағасы
және мүшелерінің лауазымдық
нұсқаулықтарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтары осы шешімнің 1 және 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Астана қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №554/77-VI «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы төрағасының және мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы» шешімінің күші жойылсын.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы төрағасының лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1) Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы (бұдан әрі – тексеру комиссиясының төрағасы) өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының актілерін, тексеру комиссиясы туралы Ережені, тексеру комиссиясының Регламентін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2) Тексеру комиссиясының төрағасына тексеру комиссиясының қызметкерлері бағынады.

3) Тексеру комиссиясының төрағасы өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді.

2. Құқықтары

Тексеру комиссиясының төрағасы құқылы:

1) құпиялылық режимін, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды ескере отырып, жергілікті бюджеттің атқарылуына және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға;

2) мемлекеттік аудит объектілерінен аудиторлық іс-шараларды өткізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге және ол белгілеген мерзімде алуға;

3) Астана қаласы мәслихатының отырыстары мен сессияларына, Астана қаласы әкімдігінің отырыстарына қатысуға;

4) тексеру комиссиясының қызметкерлеріне өз құзыреті шеңберінде ауызша және жазбаша тапсырмалар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

5) тексеру комиссиясының міндеттері мен функцияларын іске асыруға байланысты мәселелер бойынша тексеру комиссиясының құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен мәліметтер сұратуға және алуға;

6) өзінің кәсіби деңгейін көтеруге;

7) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға, еңбек заңнамасына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға және тексеру комиссиясы туралы Ережеге сәйкес басқа да құқықтарға ие болады.

3. Міндеттері

Тексеру комиссиясы төрағасы:

1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа болады;

2) тексеру комиссиясының Регламентін бекітеді;

3) тексеру комиссиясы мүшелерінің және тексеру комиссиясы аппаратының жұмысын ұйымдастырады;

4) тексеру комиссиясын Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарында, ұйымдарында және одан тыс жерлерде ұсынады;

5) аппараттың құрылымын және тексеру комиссиясының штат кестесін бекітілген штат саны мен жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеру комиссиясы аппаратының басшысын және қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) тексеру комиссиясының қызметкерлерін көтермелейді және оларға мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, тексеру комиссиясының отырыстарында қабылданған қаулылар мен нұсқамаларға қол қояды;

9) тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде мемлекеттік аудитті ұйымдастыруды көздейтін тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекітеді;

10) тексеру комиссиясының мүшелеріне мемлекеттік аудит және (немесе) қарсы, бірлескен және қатар тексерулер жүргізуге тапсырмалар береді;

11) тексеру комиссиясының құзыреті шегінде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге қатысатын тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторларының құрамын айқындайды;

12) тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдамалық қызметінің сапасына мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуына, оның ішінде мемлекеттік аудит объектісіне қолжетімділікпен бақылау жүргізу қажеттілігін айқындайды;

13) тиісті мәслихаттың қарауына тексеру комиссиясы мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оларды босату кезінде олардың кандидатуралары бойынша ұсыныстар енгізеді;

14) тексеру комиссиясы төрағасының жанынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады;

15) тексеру комиссиясы төрағасының міндеттерін ол болмаған жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

16) құпиялылық, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия режимін, сондай-ақ құжаттаманы сақтау режимін сақтауға міндетті;

17) Ақпараттық қауіпсіздік саясатының талаптарын сақтайды, оның ішінде:

- ақпараттық қауіпсіздік саясатын қалыптастыру, қайта қарау және бекіту, сондай-ақ оны іске асырудың тиімділігі жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

- ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бастамаларды нақты басқаруды және нақты қолдауды қамтамасыз етеді;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ресурстармен қамтамасыз етеді және бақылау шараларын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

- тексеру комиссиясының қызметкерлері үшін олардың ақпараттық қауіпсіздік саясатын сақтауы бойынша құқықтық құжаттарды бекітеді;

- бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық жүйелердің аппараттық құралдарын өнеркәсіптік пайдалануға енгізуге байланысты барлық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді;

- ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша тексеру комиссиясының қызметкерлерінің қажеттілігін айқындайды және оқытудан өтуін қамтамасыз етеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Жауапкершілігі

Осы лауазымда тексеру комиссиясының төрағасы келесі жауапкершілік артады:

1) лауазымдық міндеттерін орындауға не тиісінше орындауға және өз міндеттерінен асып кетпеуге;

2) төрағаның бұйрықтары мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауға;

3) өзінің лауазымдық міндеттерінің шегінде мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ мекемелер мен ұйымдардың, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өтініштерін уақтылы және сапалы қарауға;

4) сақтауға:

еңбек тәртібін және тексеру комиссиясының Регламентін;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында көзделген тыйымдар мен шектеулердің күшін;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттардың талаптарын;

5) Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарды жасамауға, сондай-ақ тексеру комиссиясының қызметкерлері тарапынан жіберілген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың өзіне белгілі болған жағдайлары бойынша шаралар қолдануға;

6) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етпеуге;

7) тексеру комиссиясына келтірілген мүліктік залалға.

Нұсқаулықпен таныстым:

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы мүшесінің лауазымдық нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1) Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі (бұдан әрі - тексеру комиссиясының мүшесі) өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының актілерін (бұдан әрі – ЖАП), тексеру комиссиясы туралы Ережені, тексеру комиссиясының Регламентін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

2) Тексеру комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда оның міндеттерін тексеру комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітілген міндеттерді бөлуге сәйкес тексеру комиссиясының басқа мүшесі атқарады.

2. Құқықтары

Тексеру комиссиясының мүшесі:

1) Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясының төрағасына (бұдан әрі - төраға) аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) тексеру комиссиясы отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;

3) тексеру комиссиясының құрылымдық бөлімшелерінен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша ақпарат пен мәліметтер сұратуға және алуға;

4) аудиторлық және сараптамалық-талдамалық іс-шаралар шеңберінде тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлеріне тапсырмалар беруге;

5) ұсыныстар енгізу:

- қызметкерлерді көтермелеу және оларға тәртіптік жаза шараларын қолдануға;

- тексеру комиссиясы жұмысының тиімділігін арттыруға;

6) өзінің кәсіби деңгейін көтеру;

7) Астана қаласы мәслихатының отырыстары мен сессияларына, Астана қаласы әкімдігінің отырыстарына қатысуға;

8) құпиялылық режимін, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды ескере отырып, жергілікті бюджеттің атқарылуына және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз тапсыруға;

9) мемлекеттік аудит объектілерінен мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етуге және олар белгілеген мерзімдерде алуға;

10) мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға, еңбек заңнамасына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға және тексеру комиссиясы туралы Ережеге сәйкес басқа да құқықтарға ие болады.

3. Міндеттері

Тексеру комиссиясының мүшесі:

1) тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдамалық, ақпараттық және өзге де қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік аудитті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстардың көлемін айқындай отырып, мемлекеттік аудит бағдарламаларын бекітеді, аудиторлық қызметті ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді бөлуге сәйкес нұсқамаларға қол қояды;

3) жоспарлау, талдау және есептілікті жүргізуге және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қарайды және оны келіседі;

4) жұмыстың жетекшілік ететін бағыттары бойынша аудиторлық іс-шараларды жүргізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;

5) аудиторлық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын бұзушылықтар мен сәйкессіздіктерге жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды;

6) есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға қатысады;

7) аудит тобының қатысушыларымен техникалық оқу (нұсқама) жүргізеді;

8) мемлекеттік аудиторларды бөлуді келіседі;

9) белгіленген тәртіппен төрағаға аудит мерзімдерін ауыстыру не осы аудиторлық іс-шараны мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен алып тастау, аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру және қайта бастау туралы, сондай-ақ аудиторлық іс-шараның мерзімдерін ұзарту туралы негізделген ұсыныстар енгізеді;

10) өз құзыреті шегінде өздері басқаратын (жетекшілік ететін) қызмет бағыттары мәселелері бойынша дербес шешім қабылдайды;

11) құқық қорғау органдары мемлекеттік аудит объектісінде құжаттарды алып қойған, сарапшылардың мемлекеттік аудит жүргізуден бас тартқан, мемлекеттік аудит нәтижелерін ЖАП таныған жағдайларда тапсырманың күшін жою туралы шешім қабылдайды;

12) бірлескен, қатарлас аудит жүргізу бағдарламаларын ЖАП және бірлескен, қатарлас аудитке қатысатын басқа да мемлекеттік органдармен келіседі;

13) мемлекеттік аудиторлармен бірлесіп аудиторлық есептерге қарсылықтарды қарайды, қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, аудит объектілеріне дәлелді жауап береді, аудиторлық есептерге қарсылықтардың және оларға жауаптардың есебін жүргізеді;

14) өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде мемлекеттік аудит объектілерінен алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

15) тексеру комиссиясының қабылданған шешімдері мен ұсынымдарының, оның нұсқамаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

16) тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің Тізбесіне сәйкес сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуге қатысады;

17) тексеру комиссиясының интернет-ресурсында орналастыру үшін аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары бойынша баспасөз релизін дайындайды;

18) аудиторлық іс-шараларды өткізу процесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде қажетті шаралар қабылдайды;

19) белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы төрағаның назарына жеткізеді;

20) мемлекеттік қызметшілердің еңбек және қызметтік тәртібін, Әдеп кодексін және тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлерімен және аудит объектілерінің өкілдерімен жалпы қабылданған өзара қарым-қатынас нормаларын сақтайды;

21) құпиялылық, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия режимін, сондай-ақ құжаттаманы сақтау режимін сақтайды;

22) ақпараттық қауіпсіздік саясатының талаптарын сақтайды;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

4. Жауапкершілік

Осы лауазымда тексеру комиссиясының мүшесі жауапкершілік артады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік аудиттің тексерілетін объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі жасамауға және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпауға;

2) лауазымдық міндеттерін орындауға не тиісінше орындауға және өз міндеттерінен асып кетуге;

3) төрағаның бұйрықтары мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындауға;

4) өзінің лауазымдық міндеттері шегінде мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ мекемелер мен ұйымдардың, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының өтініштерін уақтылы және сапалы қарауға;

5) сақтауға:

- еңбек тәртібін және тексеру комиссиясының Регламентін;

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында көзделген тыйымдар мен шектеулерді;

- мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттардың талаптарын;

6) Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар жасамауға, сондай-ақ тексеру комиссиясының қызметкерлері тарапынан жіберілген өзіне белгілі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың барлық жағдайлары туралы төраға назарына жеткізілуіне;

7) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария етпеуге;

8) тексеру комиссиясына келтірілген мүліктік залалға.

Нұсқаулықпен таныстым:
